Егер коммерциялық мақсатта қолданылса, өнім көрсетілген мақсатта қолданылмаған болып есептеледі. Бұндай жағдайда, өнім Samsung тарапынан берілетін стандартты кепілдік бойынша қарастырылмайды және дұрыс қолданбау салдарынан орын алған ақау немесе нұқсанға Samsung компаниясы жауапкершілік көтермейді.

Құрылғыдан тосын шуыл, иіс, тұтанған иіс не түтін шықса, қуат сымын дереу кесіп, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Себебі электр немесе өрт қатері пайда болуы мүмкін.

Балаларға (не үй жануарларына) құрылғының ішінде немесе үстіне шығып ойнауға рұқсат бермеңіз. Құрылғының есігі ішкі жағынан оңай ашылмайды және балалар қамалып қалса, қатты жарақат алуы мүмкін.

## Пайдалану кезінде сақталатын сақтық шаралары

### НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Құрылғының үстіне шықпаңыз немесе оның үстіне зат (мысалы, кір, жанып тұрған шамшырақ, тұтатылған темекі, ыдыс-аяқ, химиялық заттар, металл заттар т.б.) қоймаңыз.

- Бұның нәтижесінде электр, өрт қатері орын алып, құрылғыға нұқсан келуі не адам жарақаттануы мүмкін.

Кептіріп жатқанда немесе кептіріп бола сала, шыны есікке не барабанның ішіне қолыңызды тигізбеңіз, себебі ыстық.

- Күйіп қалуыңыз мүмкін.

Жуу және кептіру барысында есіктің әйнегі ысып тұрады. Сондықтан ыстық әйнекке қол тигізбеңіз.

Сонымен қатар балаларға жуғыш машинаның қасында ойнауға немесе есігінің әйнегін ұстауға рұқсат бермеңіз.

- Күйіп қалуы мүмкін.

Түймешіктерді түйреуіш, пышақ, тырнақ т.с.с. өткір затпен баспаңыз.

- Электр қатері орын алуы не адам жарақаттануы мүмкін.

Резеңке (латекс) не осы сияқты резеңкеден жасалған кірді кептірмеңіз.

- Егер резеңке қызып кетсе, өрт шығуы мүмкін.

Көкөніс майы не тағам пісіретін май сіңген кірді кептірмеңіз, себебі кірді жуған кезде көп мөлшерде сіңген май арылмайды. Сонымен қатар, кір қызып кетпеу үшін Салқындату циклын пайдаланыңыз.

- Майдың оксидтену қызуы - өрттің басталуына себеп болуы мүмкін.

Кептірілетін киімдердің барлығының қалталарының бос екеніне көз жеткізіңіз.

- Тиын, түйреуіш, тырнақ, бұранда немесе тас тәрізді қатты, өткір заттар құрылғыға аса қатты зиян келтіруі мүмкін.



Үлкен қапсырмасы, түймелері бар немесе ауыр темір зат (тартпа, ілгектер және түйме өткізгіштер, түйменің қақпақтары) тағылған киімдерді жумаңыз.

Қажет болса, мама белбеу, алжапқыш баулары және төс тартқыштың сымы тәрізді цикл кезінде сынып немесе сіңіп кетуі мүмкін кішкене заттарды кір жуатын торға салыңыз.

Кептіргіш парақтарға осы үлгіде қолжетімді және бұлар жақсы кептіру нәтижелеріне қол жеткізу үшін ұсынылады.

Кептіргіш парақтар кептіру циклы кезінде пайда болатын статикалық тоқты азайту үшін де пайдалы.

Статикалық тоқ кірге және уақыт өте келе құрылғыға ақау келтіруі мүмкін.

Кептіргішті көмірдің шаңы, бидай ұны, т.б. тәрізді қауіпті ұнтақтардың қасында пайдаланбаңыз.

- Электр қатері орын алуы, өрт не жарылыс шығуы мүмкін.

Құрылғының қасына тұтанғыш заттарды қоймаңыз.

- Себебі өнімнен уытты заттар бөлініп, құрылғы бөлшектерін зақымдап, жарылыс немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны бекітілетін есіктің артына қоймау керек.

Кептіріп жатқанда немесе кептіріп бола сала құрылғының артқы жағына қолыңызды тигізбеңіз.

- Құрылғы ыстық болуы және күйіп қалуыңыз мүмкін.

Құрамында фторлы жылыжай газы бар.

Герметикалық тұмшаланған құрылғы.

Газды атмосфераға жібермеңіз.

Салқындатқыш (Түрі): R-134a (GWP = 1430)

Салқындатқыш (Құю): 0,37 кг, 0,529 tCO<sub>2</sub>e

## Тазалауға қатысты қатаң ескертулер

### ЕСКЕРТУ

Құрылғының бетіне суды тура бүркіп тазаламаңыз.

Құрылғыны бензол, сұйылтқыш немесе спирт тәрізді заттармен тазаламаңыз.

- Себебі, құрылғының түсі кетіп, деформацияланып, бүлініп, электр қатері орын алып немесе өрт шығуы мүмкін.

Тазалау немесе жөндеу жұмыстарын орындар алдында, құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Сүзгінің корпусын кептіргішті пайдалану алдында және пайдаланып болғаннан кейін тазалаңыз.


Құрылғының ішін уәкілетті техникке мезгіл-мезгіл тазалатып отырыңыз.

Қызу алмастырғышты жұмсақ шөткемен не шаңсорғышпен айына бір рет тазалаңыз. Қызу алмастырғышты қолыңызбен ұстамаңыз. Бұлай істемегенде, күйіп қалуыңыз мүмкін.

Кептіргіштің ішкі жағын білікті маман уақытылы тазалауы керек.

# Қауіпсіздік шаралары

## WEEE нұсқаулары



### Аталған өнімді дұрыс пайдалану (Электр қуатын шығындау және Электрондық жабдық)

(Жеке қоқыс жинайтын жүйесі бар елдерге қатысты)

Өнімдегі, аксессуардағы немесе нұсқаулықтағы бұл таңбалау өнімді және оның электрондық аксессуарларын (мысалы, қуат беру құрылғысын, құлаққаптың, USB кабелін), олардың қызмет ету мерзімі өткен соң, үйде басқа мақсатта пайдалануға болмайтындығын білдіреді. Қалдықтардың бақыланбайтын пайдаланылуынан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына зиян келтірудің алдын алу үшін бұл заттарды басқа қалдық түрлерінен бөлек алып қойыңыз және оларды материалдық ресурстарды екінші рет пайдалану үшін қолданыңыз.

Үйде пайдаланушылар экологиялық қауіпсіз түрде қайта өңдеу үшін осы өнімді қай жерден және қалай алуға болатынын анықтау мақсатында, осы өнімді сатып алған жердегі ретейлермен немесе оның жергілікті кеңсесімен хабарласуы тиіс.


Іскерлік пайдаланушылар сату-сатып алу шартының талаптары мен ережелерін тексеру үшін өзінің жабдықтаушысымен хабарласуы тиіс. Осы өнім және оның электрондық аксессуарлары жойылатын басқа пайдаланған қаптамалармен араласып кетпеуі тиіс.

# Орнату

## Жинақтың құрамы

Кептіргішті орамынан абайлап шығарыңыз. Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстаңыз. Төменде көрсетілген бөліктер немесе олардың орналасқан орындары сіздің құрылғыңызбен салыстырғанда басқаша болуы мүмкін. Орнату алдында кептіргіштің осында берілген барлық бөлшектері бар екеніне көз жеткізіңіз. Кептіргішке және/немесе бөлшектеріне зақым келсе немесе жетіспей тұрса, жақын жердегі Samsung тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Кептіргішке шолу жасау



01 Үстіңгі қақпақ

03 Қыл-қыбыр сүзгісі

05 Деңгейлегіш тірек

07 Басқару панелі


02 Су сауыты

04 Қызу алмастырғыш


06 Есік

# Орнату


## Керек-жарақтар (бірге жеткізіледі)




Түтік бағыттағышы




Кабель қапсырмасы




Түтікшені қосқыш




Ұзын су төгетін түтікше (2 м)



Пайдаланушы нұсқаулығы




Торды кептіру (бар үлгілерге ғана қатысты)




Тазалағыш шөтке

## Керек-жарақтар (бірге жеткізілмейді)



Қапсырма-орнату жинағы  
(SK-DH, SK-DA, SKK-DF)



Орнату жинағы  
(SKK-DD, SKK-DDX)

### ЕСКЕРІМ

- Орнату жинағы кептіргішті кір жуғыш машинаның үстіне орнатуға мүмкіндік береді. Орнату жинағын Samsung кір жуғыш машиналары мен кептіргіштері үшін ғана қолдануға болатынын ескеріңіз. Қапсырмалы орнату жинағын (SK-DH, SK-DA, SKK-DF) немесе орнату жинағын сатып алу үшін (SKK-DD, SKK-DDX) Samsung қызмет көрсету орталығына немесе жергілікті құрылғы дилеріне хабарласыңыз. Орнату жинағы үлгі түріне қарай әр түрлі болады.
- Кептіргішті орнатуға қатысты нұсқауларды орнату жинағының нұсқауларынан қараңыз.
- Орнату жинағын нақты үлгі үшін қолдану туралы ақпаратты орнату жинағының нұсқауларынан қараңыз.

---

## Орнатуға қойылатын талаптар

---

### ЕСКЕРІМ

Кептіргішті білікті орнатушы орнату керек. Теріс немесе ақаулы орнату жұмыстарына байланысты сервис қажет болса, бұған пайдаланушы өзі жауапты және кепілдік заңды күшінен айырылуы мүмкін. Нұсқауларды кейін қарап жүру үшін сақтап қойыңыз.

### ЕСКЕРТУ

- Кептіргішті орнату жұмыстары аяқталмай тұрып ашаны розеткаға қосуға болмайды.
- Кептіргішті міндетті түрде екі не бұдан көп адам орнынан жылжытуы керек.
- Балаларға немесе үй жануарларына кептіргіштің ішінде, үстіне шығып не айналасында ойнауға рұқсат бермеңіз. Әрқашан тиісті түрде қадағалау керек.
- Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстаңыз.
- Зақым келген қуат сымын немесе қуат ашасын өзіңіз ауыстырмаңыз. Зақым келген қуат сымын немесе қуат ашасын Samsung технигіне немесе білікті техникке ауыстыртып алыңыз.
- Кептіргішті өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекеттенбеңіз. Кез келген жөндеу жұмыстарын орындау үшін Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Балалар тұншығып қалмау үшін тасталған құрылғылардың барлығының есіктерін/қақпақтарын ағытып алыңыз.
- Егер құрылғыдан тосын шуыл, көңірсіген немесе түтін иісі шықса, ашаны дереу розеткадан суырыңыз да, жақын Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған кептіргішті тоқтан ағытпаңыз.
- Кептіргіштің қасына тұтанғыш заттарды қоймаңыз.

# Орнату

## Орынға қойылатын талаптар

Дірілге төтеп бере алатын, орнықты және жақсы салынған орнату бетін таңдаңыз. Жерге тұйықталған 3-істікшелі аша сұғуға болатын қуат көзін таңдаңыз.

### ЕСКЕРТУ

- Кептіргішті тек үйдің ішіне ғана орнатыңыз.
- Кептіргішті ауа-райы әсер ететін жерге орнатпаңыз.
- Кептіргішті температурасы 5 °C градустан түстені немесе 35 °C градустан жоғары жерге орнатпаңыз.
- Кептіргішті газ жылыстап шығуы мүмкін жерге орнатпаңыз.
- Кептіргіштің алдыңғы жағындағы салқындату торының ауа кіретін саңылауын бөгеменіз.

## Ас үй жабдығына не шкафқа орнату

Кептіргішті ұяға немесе шкафқа орнату үшін кемінде келесі қашықтықты сақтау керек:

Бүйір жақтары	Үстіңгі жағы	Алдыңғы жағы	Артқы жағы
25 мм	25 мм	DV**8***** : 550 мм DV**6***** : 490 мм	50 мм

Кептіргішті кір жуғыш машинамен бірге орнатсаңыз, ұяның немесе шкафтың алдыңғы жағында кемінде 490 мм бос орын болуы қажет.

## Электр желісіне және жерге тұйықтауға қойылатын шаралар

- Кептіргішке АТ 220-240 В / 50 Гц электр қорегі қажет.
- Кептіргішті жерге дұрыс тұйықтау керек. Егер кептіргіш сынып немесе жұмыс істемей қалса, жер қосылымы, электр тоғының ағымына ең аз қарсылық көрсететін жолды ұсыну арқылы электр қатерінен сақтандырады. Кептіргіш 3-істікшелі жерге тұйықтау ашасы бар қуат сыммен бірге жеткізіледі. Ашаны барлық жергілікті ережелерге және заңнамаларға сәйкес орнатылған және жерге тұйықталған тиісті қуат көзіне қосу керек.
- Электрге немесе жерге тұйықтау талаптарына қатысты сұрақтарыңыз болса, Samsung орталығына немесе білікті электршіге хабарласыңыз.



### ЕСКЕРТУ

- Жерге тұйықталған 3-істікшеге арналған қуат көзіне қосыңыз.
- Нұқсан келген ашаны, қорек сымын немесе босап қалған розетканы қолданбаңыз.
- Адаптерді немесе ұзартқыш сымды пайдаланбаңыз.
- Құрылығыны жерге тұйықтайтын өткізгіш дұрыс жалғанбағанда электр қатері орын алады. Кептіргіштің жерге дұрыс тұйықталғанына сенімсіз болсаңыз, білікті электр маманына хабарласыңыз.
- Қуат ашасын, сымын немесе қуат көзін өзгертпеңіз.
- Жерге тұйықтайтын сымды ешқашан пластик құбыр жүйесіне, газ жүйелеріне не ыстық су құбырына жалғамаңыз.



## Деңгейлеу

Кептіргішті орнату алдында **15-беттегі Орнатуға қойылатын талаптар** тармағын міндетті түрде оқыңыз. Төмендегі нұсқаулар су төгетін түтікшені пайдаланбаған кезде қолданылатынын ескеріңіз. Су төгетін түтікшені пайдаланған кезде қолданылатын нұсқауларды келесі бөлімнен қараңыз, **Су төгетін түтікше (қажет болса)**. Ыңғайлы болу үшін кептіргішті кір жуғыш машинаның қасына орнатыңыз.




1. Кептіргішті қажетті орынға абайлап қойыңыз.
2. Кептіргіштің деңгейін **деңгей (A)** құралымен бір жағынан екінші жағына, алдынан артына қарай деңгейлеп тексеріңіз.
3. Кептіргіштің деңгейі дұрыс болмаса **деңгейлегіш тіректі (B)** пайдаланыңыз. Тіректі сағат тілінің бағытына қарсы бұрағанда қысқарады. Тіректі сағат тілінің бағытымен бұрағанда ұзарады.
4. Кептіргіштің деңгейі ретке келгеннен кейін кептіргіш еденде орнықты тұрады.
5. Кептіргішті тоқ көзіне қосыңыз.

### ЕСКЕРІМ

- Кептіргішті алдыңғы немесе артқы тіректерді немесе екеуін де қатар пайдаланып деңгейлеуге болады.
- Кептіргішті кір жуғыш машинамен деңгейлестіре орнату үшін, реттелмелі тіректі сағат тілінің бағытына қарсы бұрап, **(C) толығымен қысқартыңыз**, содан кейін тіректерді сағат тілінің бағытымен бұрап **(D) босатыңыз**.
- Деңгейлегіш тіректі қажет деңгейге дейін ғана ұзартыңыз. Реттелмелі тіректі қажет деңгейден артық ұзартса, кептіргіш дірілдеуі мүмкін.


# Орнату


## Су төгетін түтікше (қажет болса)



Кептіргішпен бірге кіріктірілген су сауыты жеткізіледі. Егер су сауытын пайдаланбасаңыз, су төгетін түтікті орнатуыңызға болады. Жинақпен бірге жеткізілген қосымша түтікшені (ұзын, су төгетін түтікше) су төгетін түтікшені ұзарту үшін пайдалануға болады.


1. Су төгетін түтікшені (A) саңылауынан алып, (B) саңылауына салыңыз.





2. Қосымша түтіктің бір ұшын (ұзын, су төгетін түтікше) **(А) саңылауына** салыңыз.
3. Қосымша түтіктің екінші ұшын (шығыс) су төгетін құбырға мына тәсілдердің бірімен орнатыңыз:

### Раковинаның үстіне:




1. Қосымша түтікті кептіргіштің астыңғы жағынан **90 см (\*)** төмен орнатыңыз.
2. Қосымша түтіктің кейбір жерлерін ию үшін жинақпен берілген пластик **түтікше бағыттағышты (В)** пайдаланып, бағыттағышты қабырғаға ілмекпен немесе кранға жіппен бекітіңіз. **Су төгетін түтікті (А)** және **түтік бағыттағышты (В)** орнатып, оларды **кабель қапсырмасымен (С)** бекітіңіз.
3. Конденсат суды керек-жарақ ретінде берілген түтікті (су төгетін ұзын түтік) су төгетін тесікке тура жалғап, төгуге болады.

### ⚠ **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**

Су төгетін түтікті ұзартпаңыз. Қосылған жерінен су ағуы мүмкін. Су төгетін ұзын түтікшені пайдаланыңыз.

# Орнату

Раковинаның су төгетін түтікшесін пайдалану үшін:



1. Түтікше қосқышты (A) орнатып, оны суретте көрсетілгендей қосымша түтікшеге жалғаңыз.

⚠ **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**

Су ағып кетпес үшін түтікшені және қосқышты мықтап жалғаңыз.



2. Түтікше адаптерін раковинаның су төгетін түтікшесіне тура жалғаңыз.

---

## Орнату үдерісін тексеру тізімі

---

- Кептіргіш қуат көзіне дұрыс қосылып, жерге дұрыс тұйықталып тұруы керек.
- Орам материалдарының барлығын толық алып, тиісті түрде қоқысқа тастау керек.
- Кептіргіш деңгейленген және еденге дұрыс орнатылған болуы керек.
- Кептіргіштің жұмыс істейтінін, қыздыратынын және сөнетінін тексеру үшін оны іске қосыңыз.
- **СУШКА ПО ВРЕМЕНИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)** циклын 20 минут қосып, **НС** ақпарат кодының көрсетілетін-көрсетілмейтінін тексеріңіз. Егер көрінсе, жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Кептіргішті орнатқаннан кейін пайдалану алдында кемінде 1 сағат күтуді ұсынамыз.

## Кептіргішті пайдалану алдында

---

- Барабан ішінде ешбір керек-жарақтың жоғына көз жеткізіңіз.
- Қуат сымын кептіргішті пайдаланудың тура алдында ғана жалғаңыз.
- Кептіргіштің алдыңғы жағындағы салқындатқыш тордағы ауа кіретін тесікті бітемеңіз.
- Тұтанғыш заттарды кептіргіштің қасына қоймаңыз және айналасын таза ұстаңыз.
- Кептіргіштің жермен бірдей деңгейде болуын қамтамасыз етіңіз.
- Кептіргіштің деңгейлегіш тіректерін алмаңыз. Бұлар кептіргішті жерге деңгейлеу үшін қажет.

# Орнату


## Есікті ауыстыру (DV9\*N62\*\*\*\*/DV8\*N62\*\*\*\* ғана)

Орнатылатын жердегі жағдайға немесе өз қажеттіліктеріңізге байланысты есіктің орнын ауыстырғыңыз келуі мүмкін.

### ⚠ ЕСКЕРТУ



Есіктің орнын міндетті түрде білікті техник ауыстыруы керек.




1. Есіктің тығыздағышын алыңыз.



2. Есіктің ішкі шыны панельді ұстап тұрған бұрандаларын алыңыз.

- Әуелі астыңғы жағындағы 3 бұранданы босатыңыз және алыңыз. Содан кейін ұстағыштың үстіңгі жағындағы 3 бұранданы босатыңыз және алыңыз.





3. Шыны панельді ұстағышты ағытып алыңыз.

**⚠️ НАЗАР САЛЫҢЫЗ**


Ұстағышты алу барысында ешбір бөліктерін түсіріп алмау үшін абай болыңыз. Мүлікке нұқсан келуі (сызат түсу немесе сыну) немесе адам жарақат алуы мүмкін.

4. Топсаның бұрандаларын алыңыз, содан кейін есікті ағытып алыңыз.


- Есіктің жақтауындағы 2 болтты босатыңыз және алыңыз.
- Болттың желінуін болдырмау үшін алты қырлы кілтті пайдаланыңыз.

5. Есіктің сол жақ жақтауының үстіңгі жағындағы бұранданы алып, содан кейін есіктің жақтауының оң жағындағы тиісті саңылауға салыңыз. Астыңғы қапсырма бұрандаларды алмаңыз.


# Орнату



6. Оң жақтаудағы 2 қапсырма бұранданы алып, содан кейін сол жақтаудағы 2 ұстағыш бұрандаларды алыңыз.




7. Алынған 2 қапсырма бұранданы суретте көрсетілгендей сол жақтауға салыңыз.
  - Бұрандаларды дұрыс орналастыруды оң жақтағы суреттен қараңыз.




8. Сол жақ жақтаудың астыңғы бұрандасын алып, содан кейін оң жақтаудағы тиісті саңылауға салыңыз.






9. Оң жақтауға деңгей ұстағышты салып, содан кейін 2 ұстағыш бұранданы қатайтыңыз.




10. Есіктің топсасын есіктің қарсы жақтауына салып, 2 болт бұрандасын қатайтыңыз.




11. Ішкі шыны панель ұстағышты сол жақ жақтауға орнатылған есіктің бетіне орнатыңыз.

# Орнату




12. Үстіңгі жақтағы 3 ұстағыш бұранданы қатайтыңыз. Содан кейін астыңғы жақтағы 3 ұстағыш бұранданы қатайтыңыз.



13. Есіктің тығыздағышын салыңыз.

# Іске пайдалану





## Басқару панелі



<b>01 Сандық сызбалы дисплей</b>	Барлық цикл ақпаратын, соның ішінде цикл уақытын, ақпарат кодтарын және кептіру күйін көрсетеді. Күй ақпаратын төмендегі кестеден қараңыз.			
		Сүзгі ескертуін тексеріңіз		Салқындату
		Қызу алмастырғышты тазалауға қатысты ескерту		Кешіктіріп аяқтау
		Су сауыты толып тұр		Smart Check
		Бала қауіпсіздігінің құралы		Ылғал деңгейін ескерту
		Wi-Fi		Қыжымданудан сақтау
		Кептіру		
<b>02 Цикл таңдау</b>	Циклды таңдау үшін цикл тетігін бұраңыз. Қолжетімді циклдарды <b>29</b> -беттегі <b>Циклға шолу жасау</b> тармағынан қараңыз.			
<b>03 Время Сушки (Кептіру уақыты)</b>	<p><b>СУШКА ПО ВРЕМЕНИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ), ТЕПЛЫЙ ВОЗДУХ (ЖЫЛЫ АУА) және ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) (DV**N62**** үлгілері үшін ғана)</b> циклдарында цикл уақытын реттеу үшін басыңыз.</p> <p>Келесі уақыт опцияларына (бірлік: минут) қолжетімді: 30, 60, 90, 120 және 150.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>120 минут және 150 минут опцияларына <b>ТЕПЛЫЙ ВОЗДУХ (ЖЫЛЫ АУА) және ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) (DV**N62**** үлгілері ғана)</b> циклдарында қолжетімсіз.</li> <li>Нақты кептіру уақыты кірдің ылғалдылығына байланысты әр түрлі болады.</li> </ul>			





Іске пайдалану

# Іске пайдалану

<p><b>04</b> Уровень сушки (Кептіру деңгейі)</p>	<p><b>ОСВЕЖИТЬ (ҚҰРҒАҚ ЖУУ)   ХЛОПОК (МАҚТА МАТА), СМЕШАННЫЕ ВЕЩИ (АРАЛАС МАТА), СИНТЕТИКА және ТИХАЯ СУШКА (ШУЫЛСЫЗ КЕПТІРУ) (DV9*N82**** үлгілерінде ғана)</b> циклдарында құрғақтық деңгейін таңдау үшін басыңыз. Құрғақтық деңгейін (1-3) деңгейде орнатуға болады. 1-ші деңгей жалпағынан қойылған не ілінген заттарды кептіру үшін қолданылады. 3-ші деңгей ең қарқынды және үлкен немесе ірі заттарды кептіру үшін пайдаланылады.</p>
<p><b>05</b> Смешанные Ткани (Ылғал деңгейін ескерту)</p>	<p>Бұл ескерту  <b>ХЛОПОК (МАҚТА МАТА), СМЕШАННЫЕ ВЕЩИ (АРАЛАС МАТА), СИНТЕТИКА және ТИХАЯ СУШКА (ШУЫЛСЫЗ КЕПТІРУ) (DV9*N82**** үлгілерінде ғана)</b> циклдарында ғана жұмыс істейді. Салынған кір түрлі аралас матадан жасалған болса Ылғал деңгейін ескерту индикаторы () заттың орташа құрғақтығы 80 % болғанда жыпылықтайды. Бұл толық кептіргіңіз келмеген немесе кептіргіштен алып, басқа заттарды кептіру барысында оңай кептіруге болатын заттарды алуға мүмкіндік береді.</p>
<p><b>06</b> Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау)</p>	<p>Қыжымдануды азайту үшін таңдалған цикл соңында шамамен 3 сағат ара-тұра айналдыру циклын ұсынады. Қосу үшін <b>Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау)</b> түймесін басыңыз. Қыжымданудан сақтау индикаторы жыпылықтап, дисплейде нөл пайда болады.</p>
<p><b>07</b> Сигнал Выкл. (Ескерту сигналын сөндіру)</p>	<p>Ескерту сигналын сөндіру/қосу үшін басыңыз. Кептіргішті сөндіріп, қайта қосқанда дыбыс параметрі сақталады.</p>
<p><b>08</b> Подсветка барабана (Барабан жарығы)</p>	<p>Ішкі шамды қосу/сөндіру үшін басыңыз. Шамды қосқаннан кейін 2 минут қосулы тұрады да, содан кейін автоматты түрде сөнеді.</p>
<p><b>09</b> Smart Control</p>	<p>Кептіргішті үйдегі желіге SmartThings қолданбасымен қосқаннан кейін кептіргішті қашықтан басқаруға болады. <b>Smart Control</b> индикаторы жыпылықтайды. Жүктеу параметрі қашықтан басқару пәрмендерін күту режиміне кіреді. Толық ақпаратты <b>SmartThings</b> бөлімінен қараңыз, <b>39-бет</b>.</p>
<p><b>10</b> Бастау/Үзіліс (Удерж. Для Старта (Бастау үшін басып тұру))</p>	<p>Жұмысты бастау үшін басып ұстап тұрыңыз немесе жұмысты уақытша тоқтату үшін басыңыз.</p>
<p><b>11</b> Қуат</p>	<p>Кептіргішті қосу/сөндіру үшін басыңыз. Кептіргіш қосулы тұрғанда 10 минут бойы ешбір түйме басылмаса, кептіргіш автоматты түрде сөнеді.</p>

## Циклға шолу жасау



### Оңтайлы кептіру

Цикл	Сипаттама	Макс. салмақ (кг)
 <b>ХЛОПОК (МАҚТА МАТА)</b>	Мақта мата, төсек жаймалары, үстел жапқыштар, ішкі киімдер, сүлгілер немесе жейделер үшін.	МАКС.
<b>СИНТЕТИКА</b>	Полиэфир (диолен, тревира), полиамид (перлон, нейлон) не басқа ұқсас талшықтардан жасалған блуза немесе жейделерге арналған.	4
<b>ДЕЛИКАТ. ТКАНИ (НӨЗІК МАТА)</b>	Әйелдердің іш киімі тәрізді ерекше күтімді қажет ететін заттарға арналған.	2
<b>СМЕШАННЫЕ ВЕЩИ (АРАЛАС МАТА)</b>	Мақта мата және синтетика аралас заттарға арналған.	МАКС.
<b>ОСВЕЖИТЬ (ҚҰРҒАҚ ЖУУ)</b> 	<p>Заттардың иісін кетіру және жаңарту үшін жылы ауаны пайдаланады. Кірдің иісіне қарай 3 деңгейдің бірін таңдауға болады. Бұл цикл 1~2 затқа тамаша жарайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• 1-деңгей: Шамалы иіс үшін (әдепкі)</li> <li>• 2-деңгей: Қалыпты иіс үшін</li> <li>• 3-деңгей: Иіс қатты шықса</li> </ul> <p> <b>ЕСКЕРІМ</b></p> <p>Иіс кетіру әсерін күшейту үшін заттарды шамалы суға батырыңыз. Суға батыру алдында бояуы шығатын-шықпайтынын тексеріңіз.</p>	1
<b>УСКОРЕННЫЙ РЕЖИМ (ӨТЕ ЖЫЛДАМ)</b>	Мақта мата және синтетика аралас заттарға арналған.	3
<b>ТИХАЯ СУШКА (ШУЫЛСЫЗ КЕПТІРУ)</b> (DV**N82**** үлгілері үшін)	Шуылсыз кептіргіңіз келген мақта мата және синтетика заттардан тұратын тұрақты жүктемеге арналған. Мұны циклды ұйқыға кетер алдында бастап, таңертең аяқтау үшін Қыжымданудан сақтау опциясымен бірге пайдалануға болады.	МАКС.
<b>СУШКА ПОД УТЮГ (ҮТІКТЕУІҮ ШІН ҚҰРҒАҚ)</b>	Бұл цикл кептіруді киім ылғал тұрғанда аяқтайды, бұл киімді үтіктеуді жеңілдетеді.	4
<b>ШЕРСТЬ (ЖҮН МАТА)</b> 	Тек машинада жууға және кептіргішпен кептіруге болатын жүн мата үшін. Тамаша кептіру нәтижесіне қол жеткізу үшін, кірді кептіру алдында астарын сыртына аударыңыз.	2

# Іске пайдалану

Цикл	Сипаттама	Макс. салмақ (кг)
<b>ВЕРХНЯЯ ОДЕЖДА (СЫРТҚЫ КИІМ)</b>	Шаңғы тебу және тау спортына арналған сыртқы киімдерге, сонымен қатар, спандекс, стретч және микроталшықтан жасалған заттарға арналған. Бұл циклды кірлерді кір жуғыш машинаның <b>ВЕРХНЯЯ ОДЕЖДА (СЫРТҚЫ КИІМ)</b> циклымен жуғаннан кейін пайдалануды ұсынамыз.	2
<b>ПОСТЕЛЬНОЕ БЕЛЬЕ (ТӨСЕК ЖАБДЫҚТАРЫ)</b>	Төсек жапқыш, жаймалар және жеңіл көрпелерге арналған.	2

## Қолмен кептіру

Цикл	Сипаттама	Макс. салмақ (кг)
<b>БЫСТРАЯ СУШКА 35' (ЖЫЛДАМ КЕПТІРУ 35')</b>	Жеңіл мақта мата, синтетика немесе жылдам кептіруді қажет ететін заттарға арналған. Өдепкі кептіру уақыты 35 минут.	1
<b>СУШКА ПО ВРЕМЕНИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)</b>	<p>Қажетті кептіру уақытын орнату үшін пайдаланыңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b>Цикл таңдау</b> тетігін бұрап, <b>СУШКА ПО ВРЕМЕНИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)</b> циклын таңдаңыз.</li> <li><b>Время Сушки (Кептіру уақыты)</b> түймесін басып, кептіру уақытын 30 минуты мен 150 минутының арасына қойыңыз. Қолжетімді опцияларды 30-минут бойынша қосып қою үшін Уақыт циклдары түймесін баса беріңіз.</li> </ol> <p> <b>ЕСКЕРІМ</b></p> <p>Нақты кептіру уақыты заттардың құрғақтығына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.</p>	—
<b>ТЕПЛЫЙ ВОЗДУХ (ЖЫЛЫ АУА)</b>	<p>Кішкене, алдын ала кептірілген заттарға арналған. Кептіру уақыты әдетте 30 минут.</p> <p>Жүн мата мен жібек матадан басқа барлық мата түрлеріне арналған, уақыты есептелген циклдар. Шамалы ылғал немесе алдын ала кептірілген құрғақ кір. Сонымен қатар, көп қабаттан тұратын, тез кебе қоймайтын қалың заттарды қосымша кептіру үшін жарамды.</p> <p> <b>ЕСКЕРІМ</b></p> <p>Бұл цикл жекелеген мақта мата заттарды, спорт аяқ киімдері мен жұмсақ ойыншықтарды кептіруге жарамды. Мақта мата заттар үшін осы кептіру себетін ғана пайдаланыңыз.</p>	—
<b>ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) (DV**N62**** үлгілері үшін ғана)</b>	Барлық мата түрлеріне арналған. Ұзақ киілмеген заттарды жаңарту немесе сергітуге арналған.	—











# Іске пайдалану

## Цикл кестесі



### ЕСКЕРІМ

Тамаша нәтижеге қол жеткізу үшін әр кептіру циклы үшін ұсынылатын кірдің салмағынан асырмаңыз.

- Үлкен салмақ: Барабанды шамамен  $\frac{3}{4}$  бөлігіне дейін толтырыңыз. Бұдан асырып салмаңыз, себебі заттарды еркін кептіру керек.
- Орташа салмақ: Барабанды шамамен  $\frac{1}{2}$  бөлігіне дейін толтырыңыз.
- Аз салмақ: Барабанға 3-5 зат салыңыз,  $\frac{1}{4}$  шамасынан асырмаңыз.

Цикл	Ұсынылатын заттар	Жүктеме мөлшері	Кептіру деңгейі
 ХЛОПОК (МАҚТА МАТА)	Мақта мата, төсек жаймалары, үстел жапқыштар, ішкі киімдер, сүлгілер немесе жейделер үшін.	МАКС.	Бар
СИНТЕТИКА	Синтетика немесе аралас заттар үшін.	4 	Бар
ДЕЛИКАТ. ТКАНИ (НӘЗІК МАТА)	Жібек, нәзік мата және әйелдердің іш киімдеріне арналған.	2 	Қолжетімсіз
СМЕШАННЫЕ ВЕЩИ (АРАЛАС МАТА)	Мақта мата және синтетика аралас заттар.	МАКС.	Бар
БЫСТРАЯ СУШКА 35' (ЖЫЛДАМ КЕПТІРУ 35')	Синтетика және жеңіл мақта мата.	1 	Қолжетімсіз
СУШКА ПО ВРЕМЕНИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)	Барлық мата түрлері; уақыт бағдарламасы.	–	Қолжетімсіз
ТЕПЛЫЙ ВОЗДУХ (ЖЫЛЫ АУА)	Шағын және ылғал заттар. Қызумен кептіруге болатын күнделікті заттар.	–	Қолжетімсіз
ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА) (DV**N62**** үлгілері үшін ғана)	Барлық мата түрлеріне арналған. Ұзақ килмеген заттарды жаңарту немесе сергітуге арналған.	–	Қолжетімсіз
ОСВЕЖИТЬ (ҚҰРҒАҚ ЖУУ) 	Қосымша керек-жарақтары бар (мысалы, моншақ, таспа, түймелер, жылтырауықтар.) киімдерге нұқсан келуі мүмкін. Бұл циклды қызудың әсерінен дереу нұқсан келетін (мысалы, жүн мата, жібек мата, былғары, тері, вельвет, жазу басылған футболкалар, т.с.с.) заттар үшін пайдаланбаңыз.	1 	Бар
УСКОРЕННЫЙ РЕЖИМ (ӨТЕ ЖЫЛДАМ)	Синтетика немесе аралас заттар үшін.	3 	Қолжетімсіз
ТИХАЯ СУШКА (ШУЫЛСЫЗ КЕПТІРУ) (DV**N82**** үлгілері үшін)	Мақта мата және синтетика аралас жүктеме.	МАКС.	Бар
СУШКА ПОД УТЮГ (ҮТІКТЕУҮШІН ҚҰРҒАҚ)	Бұл цикл кептіруді киім ылғал тұрғанда аяқтайды, бұл киімді үтіктеуді жеңілдетеді.	4 	Қолжетімсіз
ШЕРСТЬ (ЖҮН МАТА) 	Тек машинада жууға және кептірігішпен кептіруге болатын жүн мата үшін.	2 	Қолжетімсіз



Цикл	Ұсынылатын заттар	Жүктеме мөлшері	Кептіру деңгейі
<b>ВЕРХНЯЯ ОДЕЖДА (СЫРТҚЫ КИИМ)</b>	Шаңғы тебу және тау спортына арналған сыртқы киімдерге, сонымен қатар, спандекс, стретч және микроалшықтан жасалған заттарға арналған.	2 	Қолжетімсіз
<b>ПОСТЕЛЬНОЕ БЕЛЬЕ (ТӨСЕК ЖАБДЫҚТАРЫ)</b>	Төсек жапқыш, жаймалар және жеңіл көрпелерге арналған.	2 	Қолжетімсіз

# Іске пайдалану

## Іске кірісу

### Оңай бастау қадамы

1. Кептіргішті қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.
2. Кептіргішті толтырып, есігін жабыңыз.
3. **Цикл таңдау** тетігін бұрап циклды таңдаңыз.
4. Қажет болса цикл параметрлерін (**Время Сушки (Кептіру уақыты)** және **Уровень сушки (Кептіру деңгейі)**) арқылы өзгертіңіз.
5. Қажетті параметрлер мен опцияларды қалауыңызға сай таңдаңыз. (**Смешанные Ткани (Ылғал деңгейін ескерту)**, **Защита от сминания (Қыжымданудан сақтау)**, **Сигнал Выкл. (Ескерту сигналын сөндіру)** және/немесе **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)**).
6. **Бастау/Үзіліс (Удерж. Для Старта (Бастау үшін басып тұру))** түймесін басып тұрыңыз. Дисплейде кептіргіштің индикаторлары жанады және циклдың есептелген уақыты көрсетіледі.

### ЕСКЕРІМ

Қолжетімді параметрлер мен опциялар циклға байланысты әр түрлі болады.

### Циклды жұмыс істеп тұрған кезінде өзгерту



1. Жұмысты тоқтату үшін **Бастау/Үзіліс (Удерж. Для Старта (Бастау үшін басып тұру))** түймесін басыңыз.
2. Басқа циклды таңдаңыз.
3. Жаңа цикл бастау үшін **Бастау/Үзіліс (Удерж. Для Старта (Бастау үшін басып тұру))** түймесін басып тұрыңыз.

### Сұрыптау және жүктеу

- Кептіргішке бір уақытта тек бір жуылған партияны салыңыз.
- Ауыр және жеңіл заттарды араластырып салмаңыз.
- Бір немесе екі затты кептіргенде кептіру тиімділігін арттыру үшін қосымша құрғақ сүлгі салыңыз.
- Тамаша нәтижеге қол жеткізу үшін кірлерді кептіргішке салу алдында бір-бірінен ажыратыңыз.
- Тым көп кір салғанда кептіру нәтижесіне әсер етеді, нәтижесінде кір біркелкі кеппейді және қыжымданып қалады.
- Кірдің жапсырмасында ұсынылмаса, жүн мата мен шыны талшықтан жасалған заттарды кептірмеңіз.
- Жуылмаған заттарды кептірмеуге тырысыңыз.
- Май, спирт, бензин, т.с.с. заттар жұққан кірлерді кептірмеңіз.

## Кептіру торы (қолжетімді үлгілерде ғана)

Кептіру уақытын кептірілетін кірлердің ылғалдылық деңгейі мен салмағына қарай 150 минутқа дейін қойыңыз. Кірлерді кептіру торына қойып кептіргенде, **СУШКА ПО ВРЕМЕНИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)** циклын пайдалануды ұсынамыз.



A. Кептіру торы

1. Кептіру торын барабанға, алдыңғы ілгектерін есіктің диафрагмасына кептіру арқылы кептіргішке орнатыңыз.
2. Заттарды торға қойып, ауа алмасуға жеткілікті орын қалдырыңыз. Киімдерді бүктеп, торға жалпағынан қойыңыз. Аяқ киімдердің табанын төмен қаратып қойыңыз.
3. Есікті жауып **Қуат** түймесін басыңыз. Кептіру уақытын таңдау үшін **СУШКА ПО ВРЕМЕНИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)** параметрін таңдап, содан кейін **Время Сушки (Кептіру уақыты)** түймесін басыңыз.
4. **Бастау/Үзіліс (Удерж. Для Старта (Бастау үшін басып тұру))** түймесін басып тұрыңыз.

# Іске пайдалану

## Кептіру ұсыныстары

Заттар (Макс. 1,5 кг)	Сипаттама
Жууға болатын свитерлер (пішімін сақтап бүктеп, тордың үстіне қойыңыз)	Заттарды кептіргіш торға қойып кептіргенде, қыжымданып қалмас үшін бүктеп, тордың үстіне қойыңыз.
Толтырмасы бар ойыншықтар (мақта матамен немесе полиэстермен толтырылған)	
Толтырмасы бар ойыншықтар (көбік немеес резеңкемен толтырырған)	
Көбікті резеңке жастықтары	
Аяқ киімдер	Спорт аяқ киімдерін кептіру үшін, оларды кептіргіш тордың үстіне табандарын төмен қаратып қою керек.

### НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Көбікті резеңке, пластик немесе резеңкені қызу параметрін орнатып кептіргенде, бұл заттарға зақым келіп, өрт шығуы мүмкін.
- Аяқ киімдерге нұқсан келмеу үшін кептіру торын пайдаланыңыз.

## Цикл нұсқаулығы

Кептіру үшін әрқашан киімнің жапсырмасындағы нұсқаулады орындаңыз. Егер күтім көрсету жапсырмасы болмаса, келесі кестеге қараңыз.

Төсек жаймалары және жұқа көрпешелер	<ul style="list-style-type: none"><li>Жоғары температура параметрлерін пайдаланыңыз.</li></ul>
Көрпелер	<ul style="list-style-type: none"><li>Тамаша нәтижелерге қол жеткізу үшін тек бір кептіргенде тек бір көрпені ғана кептіріңіз.</li></ul>
Мата жаялықтар	<ul style="list-style-type: none"><li>Жоғары температура параметрлерін пайдаланыңыз.</li></ul>
Қауырсын толтырылған заттар	<ul style="list-style-type: none"><li>Қызу параметрімен кептірмеңіз. Себебі өрт шығатын қауіп бар. <b>ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА)</b> (DV**N62**** үлгілері ғана) циклын ғана пайдаланыңыз.</li></ul>
Көбікті резеңке (төсеніш, жұмсақ ойыншықтар, т.б.)	<ul style="list-style-type: none"><li>Қызу параметрімен кептірмеңіз. Себебі өрт шығатын қауіп бар. <b>ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА)</b> (DV**N62**** үлгілері ғана) циклын ғана пайдаланыңыз.</li></ul>
Жастықтар	<ul style="list-style-type: none"><li>Мамық заттарды кептіруді жеңілдету үшін бірнеше құрғақ сүлгі қосып салыңыз.</li><li>Капок немесе резеңке жастықтарды қызумен кептірмеңіз. <b>ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА)</b> (DV**N62**** үлгілері үшін) циклын ғана пайдаланыңыз.</li></ul>
Пластик (душ пердесі, дала мебелінің қаптапалары, т.б.)	<ul style="list-style-type: none"><li><b>ХОЛОДНЫЙ ВОЗДУХ (САЛҚЫН АУА)</b> (DV**N62**** үлгілері ғана) немесе <b>СУШКА ПО ВРЕМЕНИ (УАҚЫТПЕН КЕПТІРУ)</b> циклын пайдаланыңыз.</li></ul>

### ⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Жоғарыдағы тізімде көрсетілмеген заттарды кептіргенде абай болыңыз.

# Іске пайдалану

## Арнайы функциялар

### Кешіктіріп аяқтау

Кептіргіш параметрін таңдалған циклды сізге қолайлы уақытта аяқтайтын етіп орнатуға болады.

1. Циклды қажетті опциялармен бірге таңдаңыз.
2. – немесе + **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)** түймелерін басып, уақытты 1 сағаттан 24 сағатқа дейін 1-сағаттық қадаммен қоюға болады.
3. **Бастау/Үзіліс (Удерж. Для Старта (Бастау үшін басып тұру))** түймесін басып тұрыңыз. Тиісті индикатор жыпылықтайды да, сағат орнатылған уақытқа жету үшін кері санай бастайды.

### **ЕСКЕРІМ**

Кешіктіріп аяқтау параметрлерін болдырмау үшін кептіргішті **Қуат** түймесін басып қайта бастаңыз.

### **Бала қауіпсіздігінің құралы**

Балалар немесе жас сәбилер кептіргішті байқаусызда қосып не параметрін орнатып қоймау үшін Бала қауіпсіздігінің құралы функциясы **Қуат** түймесінен басқасының бәрін бұғаттайды.

Бала қауіпсіздігінің құралы параметрін қосу/сөндіру үшін – және + **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)** түймелерін 3 секунд бірге басыңыз.

### **ЕСКЕРІМ**

Бала қауіпсіздігінің құралы қосылса, кептіргішті сөндіріп қайта қосқанда Бала қауіпсіздігінің құралы белсенді тұрады.

### Smart Check

Кептіргіш қандай бар бір мәселені анықтаса, Smart Check функциясы смартфонды пайдаланып кептіргіш күйін тексеруге мүмкіндік береді. Smart Check функциясын Galaxy және iPhone сериялы смартфондар арқылы ғана қолдануға болатынын ескеріңіз.

Smart Check функциясын пайдалану үшін

**Samsung Smart Washer** қолданбасын жүктеп, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. **Уровень сушки (Кептіру деңгейі)** және **Смешанные Ткани (Ылғал деңгейін ескерту)** түймелерін 3 секунд бірге басып тұрыңыз. Дисплей панеліндегі индикаторлар айналып, Smart Check коды пайда болады.
2. Смартфоннан **Samsung Smart Washer** қолданбасына кіріп, **Smart Check** түймесін түрткізіңіз.
3. Кептіргіш дисплейінде көрсетілген Smart Check кодына смартфонның камерасын бағыттаңыз.
4. Ақпарат коды дұрыс танылғаннан кейін қолданба мәселеге қатысты толық ақпарат пен қажетті нұсқауларды ұсынады.

### **ЕСКЕРІМ**

- Егер кептіргіштің дисплейіне жарық шағылысса, смартфон ақпарат кодын тани алмауы мүмкін.
- Смартфон кодты тани алмаса, ақпарат кодын смартфонға қолдан енгізіңіз.

---

## SmartThings

---

### Wi-Fi байланысы

Смартфонның **Settings (Параметрлер)** қойындысына өтіп, сымсыз байланысты қосып, КП (Кіру протоколы) таңдаңыз.

#### ЕСКЕРІМ

- Бұл құрылғы үйде пайдалануға ғана (В сыныбы) арналған және барлық тұрғынды жерлерде пайдалануға болады.
- Бұл құрылғы сымсыз бөгеуіл пайда болдыруы мүмкін және осы құрылғының өндірушісі немесе орнатушысы ешбір қауіпсіздік шарасын ұсына алмайды.
- Ұсынылатын кодтау тәсілдерді: WPA/TKIP және WPA2/AES. Жаңадан жасалған Wi-Fi протоколдарына немесе ұсынылмаған Wi-Fi протоколдарына қолдау көрсетілмейді.
- Сымсыз желінің қабылдау сезімталдығына сымсыз орта әсер етуі мүмкін.
- Интернет провайдеріңіз дербес компьютеріңіздің немесе модем модулінің MAC мекенжайын тұрақты пайдалану үшін тіркесе, Samsung кептіргішіңіз интернетке қосыла алмайды. Мұндай жағдайда интернет провайдеріңізге хабарласыңыз.
- Интернет брендмауэрі интернет қосылымына әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдай орын алса, интернет провайдеріңізге хабарласыңыз.
- Интернет провайдері берген нұсқауларды орындағаннан кейін де интернетке қосыла алмасаңыз, Samsung бөлшек сауда немесе қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Сыммен қосылатын және сымсыз роутерлерді орнату үшін пайдаланылатын роутердің пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Samsung кептіргіші Wi-Fi 2,4 ГГц протоколдарына ғана қолдау көрсетеді.
- Samsung кептіргіші IEEE802.11 b/g/n (2,4 ГГц), Soft-КП протоколдарына қолдау көрсетеді. (IEEE802.11n ұсынылады)
- Рұқсат етілмеген сым/сымсыз роутерлер Samsung кептіргішіне қосыла алмауы мүмкін.

### Жүктеу

Қолданба нарығынан (Google Play дүкені, Apple App дүкені, Samsung Galaxy Apps) SmartThings қолданбасын “SmartThings” сөзін қолданып табыңыз. Қолданбаны құрылғыңызға жүктеңіз және орнатыңыз.

#### ЕСКЕРІМ

- SmartThings қолданбасы Android OS 6.0 (Marshmallow) немесе кейінгі нұсқасы бар үшінші тарап құрылғыларында, Android OS 5.0 (Lollipop) немесе кейінгі нұсқасы орнатылған Samsung және iOS 10.0 немесе кейінгі нұсқалары орнатылған iOS (iPhones үшін iPhone 6 немесе кейінгі нұсқасы болуы керек) құрылғыларда бар. Қолданба Samsung смартфондары үшін (Galaxy S және Note сериялары) оңтайландырылған.
- Қолданбаның кейбір функциялары үшінші тарап құрылғыларда басқаша жұмыс істеуі мүмкін.
- Қолданба жұмысты жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

# Іске пайдалану

## Жүйеге кіру

Әуелі SmartThings қолданбасына Samsung есептік жазбаңызбен кіріңіз. Samsung есептік жазбасын жасау үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз. Есептік жазба жасау үшін жеке қолданба қажет емес.

## ЕСКЕРІМ

Samsung есептік жазбаңыз бар болса, оны жүйеге кіру үшін пайдаланыңыз. Тіркелген Samsung смартфон пайдаланушысы жүйеге автоматты түрде кіреді.

## Құрылғыңызды SmartThings қолданбасына тіркеу үшін

1. Смартфонның сымсыз желіге қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Қосылмай тұрса, **Settings (Параметрлер)** қойындысына өтіп, сымсыз байланысты қосып, КП (Кіру протоколы) таңдаңыз.
2. Смартфоннан **SmartThings** таңдаңыз.
3. “A new device is found. (Жаңа құрылғы табылды.)” жазуы көрінгенде **Add (Қосу)** параметрін таңдаңыз.
4. Ешбір хабар көрінбесе + таңдап, қолжетімді құрылғылар тізімінен кептіргішті таңдаңыз. Кептіргіш тізімде болмаса, **Device Type (Құрылғы түрі) > Specific Device Model (Нақты құрылғы үлгісі)** таңдап, кептіргішті қолдан қосыңыз.
5. Кептіргішті SmartThings қолданбасына төмендегідей қосыңыз.
  - a. SmartThings қолданбасына Samsung есептік жазбаңызбен кіріңіз.
  - b. Wi-Fi қосылымын қосыңыз.
  - c. Кептіргішті SmartThings қолданбасына қосыңыз. Кептіргіштің SmartThings қолданбасына қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
  - d. Тіркеу аяқталғанда кептіргіш смартфонда пайда болады.

## Кептіргіш қолданбасы

Біріктірілген басқару: Кептіргішті үйде немесе далада жүргенде бақылып, басқара аласыз.

- SmartThings қолданбасынан кептіргіштің белгісін таңдаңыз. Кептіргішке арналған бет ашылады.
- Кептіргіштің жұмыс жасау күйін немесе хабарландыруларды тексеріп, қажет болса, опцияларды немесе параметрлерді өзгертіңіз.



## SmartThings

Санат	Тексерілетін мәселе	Сипаттама
<b>Мониторинг</b>	Кептіру күйі	Қазіргі циклді және оның опцияларын, циклдың қалған уақытын тексеруге болады.
	Smart Control	Smart Control күйі кептіргіштен көрсетіледі.
	Өзіндік тексеру	Кептіргіштің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін осыны пайдаланыңыз.
	Қуат мониторингі	Қуат пайдалану күйін тексеру үшін осыны пайдаланыңыз.
<b>Басқару</b>	Бастау/Үзіліс/Болдырмау	Циклды және қажетті опцияларды таңдап, содан кейін жұмысты бастау, уақытша тоқтату және болдырмау үшін Бастау/Үзіліс/Болдырмау түймесін басыңыз.
	Таңдаулы	Жиі пайдаланылған циклдарды және опцияларды кейін пайдалану үшін Таңдаулы тізімге қосыңыз.
<b>Хабарландыру</b>	Цикл аяқталды	Қазіргі цикл аяқталғанын ескертеді.
	Қалған кір (қол жетімді үлгілерге ғана қатысты)	Цикл аяқталғаннан кейін қалған кірді ескертеді.

# Іске пайдалану

Санат	Тексерілетін мәселе	Сипаттама
Q-Кеңесшісі	Кір жуу рецептісі *	Ұсынылған опциялар мен циклдарды алып, кір кептіруді дереу бастау үшін матаның түрін, кептіру деңгейін және қыжымданудан сақтау параметрін таңдауға болады.
	Кір жууды жоспарлау *	Кептіру циклы аяқталуға тиіс уақытты таңдауға болады. Қажетті аяқталу уақытын орнатқаннан кейін, орнатылған уақыт ішінде аяқталатын цикл беріледі және бұл циклды орнатуға немесе сақтауға болады.
	HomeCare шебері *	Пайдалану орнатқан уақыт аралықтарында машинаның жұмыс жасау күйіне қатысты есеп беріп отырады (апта/ ай сайын). Бұл мерзімдік есепті берілген уақыт аралығындағы пайдалану дағдыңызды, жөндеу қажеттіліктерін және қуат тұтыну ** мөлшерін тексеру үшін пайдалануға болады.
	<p>* “SmartThings” қажет етеді, Android және iOS құрылғысында қолжетімді. Тіркеу қажет.</p> <p>** Нәтижелерді ғана көрсетеді.</p>	

### Ашық лицензия туралы құлақтандыру

Бұл өнімдегі бағдарламалық жасақтамада ашық лицензия бағдарламасы бар. Осы өнімді жөнелткеннен кейін, [oss.request@samsung.com](mailto:oss.request@samsung.com) мекенжайына хат жолдап, тиісті түпнұсқа кодты толығымен үш жылға алуыңызға болады.

Толық түпнұсқа кодты CD-ROM тәрізді физикалық құралға сақтап алуға болады, бірақ бұл үшін шамалы төлемақы алынады.

Келесі URL мекенжайы: [http://opensource.samsung.com/opensource/SMART\\_AT\\_051/seq/0](http://opensource.samsung.com/opensource/SMART_AT_051/seq/0) көпке ортақ ашық түпнұсқа кодты жүктеп алатын бетке және осы өнімге қатысты ашық код лицензиялық ақпаратына апарды. Бұл ұсыныс осы ақпаратты алған кез келген адамға беріледі.



### ЕСКЕРІМ

Осы мәлімдеме арқылы Samsung Electronics радио құрылғысының түріне жататын бұл құрылғының 2014/53/EU декларациясына сәйкес келетінін хабарлайды. ЕО сәйкестік декларациясының толық нұсқасын төмендегі интернет мекенжайынан табуға болады: Ресми Сәйкестік декларациясын <http://www.samsung.com>, Қолдау > Өнімге қолдау көрсетуді іздеу қойындысына үлгі атауын енгізіп қарауға болады.

Wi-Fi макс. трансмиттерінің қуаты: 20 дБм, 2,412 ГГц – 2,472 ГГц

# Күтім көрсету

## ⚠ ЕСКЕРТУ

- Кептіргішті бетіне суды тура бүркіп тазаламаңыз.
- Кептіргішті бензол, сұйылтқыш, спирт не ацетонмен тазаламаңыз. Түсі кетіп, деформацияланып, бүлініп немесе электр қатері орын алуы, өрт шығуы мүмкін.
- Кептіргішті тазалау алдында қорек сымын міндетті түрде ағытыңыз.

## Басқару панелі

Жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Жеміргіш жуғыш заттармен тазаламаңыз. Тазалағыш заттарды басқару панеліне тікелей шашуға болмайды. Басқару панеліне төгілген заттарды дереу сүртіп алыңыз.

## Сыртқы жағы


Жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Жеміргіш жуғыш заттармен тазаламаңыз. Өткір немесе ауыр заттарды кептіргіштің үстіне/қасына қоймаңыз. Жуғыш затты және кір жууға арналған заттарды тұрғыға (жеке сатылады) немесе жеке сауытқа салып сақтаңыз.

## Барабан


Тот баспайтын болатқа арналған түрпілі емес тазалағышқа батырылған дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Қалған қалдығын таза құрғақ шүберекпен тазалаңыз.

## Қыл-қыбыр сүзгісі


Қыл-қыбыр сүзгісі әр салынымнан кейін тазалаңыз.



1. Есікті ашып, қыл-қыбыр сүзгісін жоғары тартып шығарыңыз.



2. Сыртқы сүзгіні ашып, ішкі сүзгіні (A) алыңыз.




3. Ішкі сүзгі мен сыртқы сүзгіні ағытыңыз.

4. Екі сүзгідегі қыл-қыбырды тазалап, содан кейін сүзгілерді тазалағыш шөткемен тазалаңыз.

**ЕСКЕРІМ**

Сүзгілерді мұқият тазалау үшін ағып тұрған сумен жуып, содан кейін әбден құрғатыңыз.



5. Ішкі сүзгіні сыртқы сүзгіге салып, содан кейін қыл-қыбыр сүзгісін бастапқы орнына салыңыз.

**⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ**


- Қыл-қыбыр сүзгісі әр салынымнан кейін тазалаңыз. Әйтпесе кептіру нәтижесі төмендеуі мүмкін.
- Кептіргішті ішкі сүзгіні сыртқы сүзгіге салмай пайдаланбаңыз.
- Дымқыл қыл-қыбыр сүзгісін пайдалансаңыз, зең, жағымсыз иіс пайда болуы немесе кептіру қарқыны төмендеуі мүмкін.

Күтім көрсету


# Күтім көрсету

## Су сауыты

Су ағып кетпеу үшін су сауытын пайдаланып болған сайын босатыңыз.



1. Су сауытын (A) алу үшін екі қолыңызбен алға қарай тартыңыз.




2. Суды су төгетін саңылау (B) арқылы төгіп, су сауытын өз орнына қойыңыз.

### ЕСКЕРІМ


